

Риддер қалалық мәслихатының 2022 жылғы 4 ақпандағы № 10/2-VII "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 2/17-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 мамырда № 8848-16 болып тіркелді

Риддер қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Риддер қалалық мәслихатының 2022 жылғы 4 ақпандағы № 10/2-VII "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26844 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1 – тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) бекітілген "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі - Шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қалалық мәслихатының төрағасы

Е. Нужных